

**ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ БОЛА МА?**

5-БЕТ | САРАПТАМА



**2025 ЖЫЛДЫҢ ЖАУҺАР КҮНДЕРІ**

6-7-БЕТТЕР | КҮНТІЗБЕ



**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Қазақ тілі ешуақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағанына, өз сыбағасын ешкімге жібермегеніне мыңжылдық көне тарих куә.*

**Бауыржан МОМЫШҰЛЫ**

№2 (4746)
Бейсенбі
9 қаңтар
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



3

# ТАҒЫ БІР «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЕСІК АШТЫ

Астанада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған тағы бір мектеп пайдалануға берілді. Бұл елордадағы он алтыншы «жайлы мектеп» болып отыр. 2000 оқушыға арналған жаңа мектеп заманауи материалдық-техникалық базамен толық жабдықталған.



## ҚАНША ҚАНДАС КЕЛЕДІ?

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2025 жылға арналған өңірлік квотасы бекітілді деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

«ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2025 жылға арналған өңірлік квотасы 9653 адам деп белгіленді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 170 адамға артық. Бұйрықтың мақсаты – Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын өңірлерде қандастар мен қоныс аударушыларды оңтайлы қоныстандыру» делінген хабарламада.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға мемлекеттік қолдау шарасы көрсетіледі. 2024 жылы 19,7 мыңнан астам этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды.

**САНСӨЙЛЕМ**

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛОРДАДАН

**2 533 794**

ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ



## ЖЕҢІС ШЕРУІ ӨТЕДІ

Биыл Астанада Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеру өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ana tili» газетіне берген сұхбатында айтты.

Алдағы мамыр айында Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіске 80 жыл толады. Осыған байланысты ТМД елдерінде 2025 жыл «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы жылы» деп жарияланған.

«Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының – 115, М.Ғабдуллиннің – 110, Ә.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді» деп атап өтті Президент өз сұхбатында.

**«ASTANA AQSHAMY»**
**ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**







# НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдыны қабылдады. Президент кездесу барысында Дархан Сатыбалдының Түркістан облысында атқарған жұмысына жоғары баға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары лауазымы басқару процесі мен аймақтар арасындағы ықпалдастықты жетілдіру, өзінің тапсырмалары мен шешімдерінің жергілікті жерде орындалу барысына бақылауды күшейту, сондай-ақ қабылданған шаралардың сапасын жақсартып, азаматтардың мемлекеттік институттарға сенімін нығайту мақсатында енгізіліп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарына нақты міндеттер жүктелді.

# ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫН БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Мемлекет басшысына ведомствоның 2024 жылы атқарған жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Мемлекет басшысына 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспардың іс-шараларын жүзеге асыру көлеңкелі экономика деңгейін 1,3 пайызға төмендетуге мүмкіндік бергенін баяндады. Атап айтқанда, агенттік 1312 қылмыстық істі тергеп-тексеруді аяқтап, нәтижесінде 236,8 миллиард теңгенің залалын өтеді. Қылмыстық жолмен табылған 152,3 миллиард теңге кіріс тәркіленді.

Сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты 20 және трансұлттық топпен байланысты 1 сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. 42 қаржы пирамидасы жойылып, алаяқтық схемаларды жарнамалайтын 15 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталды, мессенджерлердегі 327 чат жабылды. Осылайша 2 миллионнан астам азаматтың қаржылай шығынға ұшырауына жол берілмеді. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілердегі 41 онлайн құмар ойын алаңы, астыртын жұмыс істейтін 30 ойын залы, казино мен букмекерлік кеңсе әшкереленді. 11,7 мыңнан астам онлайн-казино сайтына кіруге тосқауыл қойылды. Агенттік қызметкерлері 120 миллиард теңге көлеміндегі негізсіз бюджет шығындарының алдын алып, заңсыз крипто алмастырушы арқылы қылмыстық кірістерді заңдастыруға ниеттенген 36 әрекеттің жолын кесті.

Президентке Қазақстан, Беларусь және Ресей мемлекеттерінің қаржы барлаушылары бірлесе жүргізген арнайы операцияның қорытындысы туралы есеп берілді. Оның нәтижесінде үш ауқымды «наркошоп» жабылып, 35 наркодилер ұсталған. Жалған қаржылық операциялар мен мәмілелер жасаған 1787 заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған, сондай-ақ террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуға 1,2 мың әрекет анықталып, бұғатталған. Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

# АГЕНТТІК БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады. Президентке агенттік төрағасы ведомствоның бақылау функцияларын орындауы жөнінде, оның ішінде былтыр қабылданған монополияға қарсы шаралардың нәтижелері туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі тауар нарықтарында шоғырлану деңгейін төмендету және «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа сәйкес жекешелендіру бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндалды. Агенттік монополияға қарсы 97 істі тергеп-тексеруді аяқтады.

Марат Омаров бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2025 жылға арналған жоспарды таныстырды. Монополиялық нарықтардағы бағаға бақылауды күшейту, тергеп-тексерулер мен нарықты талдаудың тиімділігін арттыру үшін заңнамаға тиісті өзгерістер әзірленді.

Агенттіктің цифрлық экожүйесін құру мен дамыту жоспарланып отыр. Бұл жасанды интеллект технологияларына негізделген ақпараттық-сараптамалық жүйені, цифрлық портал мен талдау құралдарын қамтиды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Марат Омаров Қазақстан футбол федерациясының президенті ретінде отандық футболдың әлеуетін көтеру және еліміздегі балалар мен жасөспірімдер спортын қолдау жоспарын таныстырды.

Кездесу соңында Президент бәсекелестікті дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді.



# АЭС САЛУҒА ҚАНША АДАМ ЖҰМЫСҚА ТАРТЫЛАДЫ?

Атом электр стансасын салу жобасы бойынша 2030 жылға қарай 5 мыңға жуық адам, ал 2032 жылы құрылыстың шарықтау кезеңінде 10 мыңға жуық адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы Үкімет отырысында Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев мәлімдеді.

Ол 2030 жылға дейін ОЭК салаларында құрылыс кезеңінде де, тұрақты жұмыс орындарында да 83 мыңнан астам сапалы жұмыс орындарын құра отырып, 99 жобаны іске асыру жоспарланғанын жеткізді. Мұнай-газ саласындағы жобаларды іске асыру мұнай-газ саласының да, аралас салалардың да техникалық мамандықтары үшін шамамен 22 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бермек.

# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу мәселелері қаралды. Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Өнеркәсіп және құрылыс, Энергетика, Көлік, Ауыл шаруашылығы министрлері, сондай-ақ бірқатар өңір әкімдері мен «Атамекен» ҰКП басшылығы техникалық және кәсіптік білім беруді реформалау, жұмысшы кадрларды қолдау бағытында қабылданып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.



**7 БАҒЫТТАҒЫ 70 ҚАДАМ**

Президент тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет 2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Құжатта енгізілген 7 бағыт пен 70 қадам жұмыс берушілердің қатысуына және жұмысшы маман даярлау мен қолдауға, техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын арттыруға, еңбек құқығын қорғау тетіктерін дамытуға бағытталған. Жоспарды іске асыруға нақты сектор субъектілері, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық компаниялар мен салалық қауымдастықтар тартылған.

«Ұзақмерзімді және тұрақты экономикалық өсу факторларының бірі – адами капиталды дамыту. Экономиканың дамуы және азаматтар әл-ауқатының артуы өз кәсібін жетік меңгерген мамандарға байланысты. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеру үшін тиісті іс-шараларды кезең-кезеңмен қабылдаймыз. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тарапынан 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияланды» деп атап өтті Үкімет отырысында Олжас Бектенов.

Премьер-министр еңбек заңнамасының, еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігінің сақталуына бақылауды күшейтудің, сондай-ақ кәсіпорындарда еңбек дауларына жол бермеу үшін алдын алу шараларын қабылдаудың маңызын атап өтті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министріне жұмысшылардың қауіпсіз еңбек жағдайларының сақталуына қатаң мониторинг жүргізуді, соның ішінде кәсіпорындардың цифрлық картасын енгізуді тапсырды. Сонымен қатар лайықты еңбек қағидаттарын ілгерілету және тиісті конвенцияларды ратификациялау үшін Халықаралық еңбек ұйымымен өзара тығыз іс-қимылды қамтамасыз ету қажет.

Көлік саласындағы, атап айтқанда, авиация, теміржол және кеме қатынасы сияқты жоғары технологиялық салалардағы кадр тапшылығы мәселелеріне назар аударылды. Көлік министрлігіне компаниялармен бірлесіп осы салалар үшін мамандар даярлаудың нақты жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Агроөнеркәсіп кешенін орнықты дамыту үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі өңір әкімдерімен бірлесіп, ауылдағы мамандарға тартымды жағдай жасау мәселелерін белсенді түрде пысықтап, осы бағытта жаңа бағдарламаларды іске қосуы қажет.

Сонымен қатар кадр даярлау және қайта даярлау процесіне бизнес те белсенді атсалысуы қажет. Елімізде жұмыс беруші есебінен біліктілігін арттыруға баратын қызметкерлер үлесі тек 6%-ды құрайды. Сондай-ақ ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш 48%-ға жетеді. Осыған байланысты Премьер-министр бизнесті жұмысшы кадрлардың біліктілігін арттыруға, оларды әлеуметтік қолдауға және лайықты еңбек жағдайын жасауға күш салуға шақырды.

**БАСПАНАНЫ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?**

Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылын іске асыру шаралары жөніндегі Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың басты өндірістік қуаты кәсібін жетік меңгерген мамандар екенін атап өтті. Қазіргі жұмысшылар жоғары технологиялық жабдықтармен, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істейді. Бұл біліктілікті арттырып, интеллектуалдық әлеуетті және цифрлық сауаттылықты, жеке құзыреттілікті үздіксіз дамытып отыруды талап етеді.

Экономикаға мыңдаған білікті жұмысшы қажет екені атап өтілді. Сонымен қатар жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болады. Сондықтан болашақтағы дағдылар мен құзыреттерді болжау үшін әкімдіктерге кәсіптердің өңірлік атласын жасау тапсырылды.

Жастардың жұмысшы мамандығын саналы түрде таңдауы үшін кәсіптік бағдар беру ісінде жаңа тәсілдерді жүзеге асыру керек. Болашақ маман өзінің кәсіптік перспективаларын көріп отыруы үшін мектептер, колледждер, кәсіпорындар арасында өзара іс-қимыл моделін құру қажет. Бұл бағытта Оқу-ағарту министрлігіне техникалық және кәсіптік білім беру саласына сапалы өзгерістер енгізу тапсырылды. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан колледждерде оқытуды қаржыландыру 2 есе ұлғайды. Халықаралық талаптарға сай жаңа білім беру бағдарламалары енгізілуде. Сондай-ақ Астана қаласының әкімдігімен бірге құзыреттер орталығын құру жоспарланып отыр. Сонымен қатар бизнес, жұмыс берушілер, инвесторлар тарапынан да тиісті шаралар қабылдануы қажет екені айтылды. Бұл бағытта Премьер-министр іс-шаралар жүйелі, нәтижелі және олардың әлеуметтік-экономикалық ұзақмерзімді әсері болуы тиіс екенін қадап тапсырды.

# ЖЫЛ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадионды пайдалануға беру 2025 жылдың соңына жоспарланып отыр. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлімдеді.






Елорданың тарихи нысаны біраз уақыт бойы қараусыз қалып, оның трибуналары мен қосалқы жайлары апаттық жағдайда болды. 2020 жылы жүргізілген техникалық тексеру кезінде стадион құрылымдарының қатты тозғаны анықталып, бұл адамдардың қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіргені белгілі болды.

«Қалалық мәслихат бұл жағдайды ескере отырып, стадионды қайта жаңғыртуға қаржы бөлу туралы шешімді бірауыздан қолдады. Жобаны аяқтап, нысанды пайдалануға беру 2025 жылдың соңына жоспарланған» деп жазды Е.Каналимов.

Жер учаскесінің жалпы ауданы 2,2 гектарды құрайды, ал стадионның сыйымдылығы – 3598 орын, оның ішінде VIP аймағы мен ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған орындар қарастырылған. Стадионды Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері, қала тұрғындары мен қонақтары пайдалана алады. Олар нысанды белсенді демалыс пен спортпен шұғылдану үшін қолдана алады. Жаңа стадион UEFA және FIFA халықаралық стандарттарына сай жабдықталады.

Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионда алғашқы футбол ойыны 1964 жылғы 14 мамырда өткен. Сонымен қатар бұл жерде регби бойынша жарыстар да ұйымдастырылған.

# ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ЖЕМІСІ

Өткен жылы елорданың әлеуметтік төлемдер мен қызметтерге арналған бюджеті 2023 жылмен салыстырғанда 32,3 пайызға артты. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағытының бірі. Бұл бағытқа елордалық Amanat партиясы филиалының сайлауалды бағдарламасында, мәслихат депутаттары мен Астана қаласы әкімдігінің қызметінде де ерекше көңіл бөлінген. 2024 жылы қаланың әлеуметтік төлемдер мен қызметтерге арналған бюджеті 2023 жылмен салыстырғанда 32,3 пайызға артты. 2024 жылы 193 мыңнан астам адам әлеуметтік қолдау іс-шараларымен қамтылды, соның ішінде тегін қызметтер мен ақшалай төлемдер көрсетілді. Астанада 138553 зейнеткер бар, олардың ішінде 7 адам – Ұлы Отан соғысының ардагері, 938 адам – оларға теңестірілген тұлғалар, 36373 адам – ерекше қажеттіліктері бар азаматтар, 34248 адам – көпбалалы отбасылар, 7088 адам – «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері атанған көпбалалы аналар» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

# ТАҒЫ БІР «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЕСІК АШТЫ

Елордада он алтыншы «Жайлы мектеп» ашылды. Нұра ауданындағы Е-535 көшесінде орналасқан №100 жаңа мектеп 2000 оқушыға арналған.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Мектептің жалпы ауданы 23 мың шаршы метрді құрайды. Білім беру мекемесінде заманауи кабинеттер, 450 орындық акт залы, 130 адамға арналған асхана, физика, химия және биология зертханалары, сондай-ақ 4 спорт залы бар.

«Бұл мектеп өзінің материалдық-техникалық базасымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда мектепке 500-ге жуық оқушы қабылданды. Жайлы мектепке астаналық №71, №79 және №90 мектептердің оқушылары құжатын тапсырған. Бұл үш ауысымды мектептердің мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Жайлы мектептер салудың негізгі мақсаты – оқушыларға арналған жаңа орындар ашу, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою. Оқу орындары Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында салынып жатыр» деді мектеп директорының міндетін атқарушы Мұрат Ахметов.

Жаңадан ашылған мектептің мерекелік іс-шарасына Астана қаласы мәслихатының депутаты Бахаргүл Төлеген, Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы Асыл Амангелдіқызы және BI Global компаниясының өкілі Саят Қысманов қатысты.

Білім ордасына баласын ертіп әкелген ата-аналардың қатарында Зарина Рүстемқызы бар.

«Ауданымызда қуанышты жағдай, жаңа әрі заманауи үлгідегі мектеп салынды. Елорда әкімдігіне зор ризашылығымды білдіремін. Ата-аналар тарапы түгел дерлік жаңа білім ошағының ашылғанына қуанышты. Сапалы білім алуда қаламызда жаңа үлгідегі мектептер көптеп ашыла берсін» деді қала тұрғыны.




Президент осы жылды Жұмысшы мамандықтар жылы етіп жариялады. Мұндай бастама жұмысшы мамандықтарды қоғамда дәріптеу және сол арқылы еңбекқор әрі нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттауды мақсат етеді. Биыл Астанадағы мектептерде оқушыларға жұмысшы мамандықтар насихатталады. Бұл пікірді «Әкелер одағы» бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Бекдайыр Күзембай айтты.

# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР НАСИХАТТАЛАДЫ

– «Әкелер одағы» бірлестігі Астана қалалық филиалы қалалық Білім басқармасымен бірлесіп көптеген іс-шара өткіземіз. Мәселен, былтыр елордалық мектептерде ата-аналармен түрлі басқосу, форум, семинар ұйымдастырдық. «Әкелер одағы» бірлестігі атынан 10-11-сынып оқушылары арналған ашық сабақтар өткіздік, – деді төраға.

Осы жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жарияланды. Мұндағы мақсат – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру.

«2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы етіп жариялау – керемет жаңалық. Біз 2024 жылдың соңғы айында 100 мектептің 1000 оқушысы және әкесімен бірге қалада қар тазалап, арнайы челлендж жарияладық. Бұл арқылы оқушыларды еңбекке үйрету және қар күрейтін жұмысшылардың қызметін бағалауға бағыттау. Осылайшау ауыр жұмысты айналамыздағы жұмысшылардың істеп жүргенін өскелең ұрпаққа түсіндіру. Кейін олар өзінің ауласын, ортасын таза ұстауға үйренеді» деді Бекдайыр Нығметұлы.

Сондай-ақ «Әкелер одағы» бірлестігі Астана қалалық филиалы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп көптеген жобаны жүзеге асыруды бастап кеткен.

«Президенттің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде тәрбие бойынша көптеген жұмысты қолға алдық. «Оқушы, ұстаз, ата-ана» үштік одағының тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Мәселен, қаңтар айы тәртіпті сақтау, тәртіпті болу айы деп бекітілді. Бұл дегеніміз – құқық бұзушылық жасамау, қылмыстық оқиғаларға қатыспау, мемлекеттің азаматы ретінде заңды білу және т. б. Осы бағытта «Әкелер одағы» бірлестігі Астана қалалық филиалы ата-аналармен оқушыларға ақпараттық жұмыс жүргізіп жатыр» деді спикер.

Бекдайыр Нығметұлының айтуынша, оқушыларға жұмысшы мамандықтарды қоғамда дәріптеу бағытында бірқатар іс қолға алынған.

«Мектептерде оқушыларға әр сала мамандары жұмысының елге, қоғамға тигізіп жатқан пайдасы туралы пайдалы кеңесімен бөліседі. Мәселен, барлығы экономист не заңгер болуы мүмкін емес қой. Басқа салада да азаматтар еңбек етіп, ел экономикасына өз үлесін қосуы қажет. Сондықтан біз «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп бекітілген жылда оқушыларға бұл кәсіп иелерінің жұмысын дәріптеп, еңбекқор, нағыз маман болып қалыптасу идеясын айтамыз және қажетті ақпараттармен бөлісеміз» деп сөзін түйіндеді Бекдайыр Күзембай.



# ЕҢБЕККЕР МӘРТЕБЕСІ ӨСЕДІ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп атауы өте орынды деп ойлаймын. Еңбек адамдарына көңіл бөлу, олардың жұмысын бағалау тұрғысынан маңызы зор. Осы ретте бізге ұстаз ретінде жүктелер міндет те жоғары. Өйткені педагогтар қауымы келер ұрпаққа білім берумен айналысып, олардың белгілі бір салада маман болып шығуына септік етеді. Алдымызда отырған әр шәкірт – ел болашағы.

Осы жыл аясында еңбек адамдарын марапаттап, мадақтауға зор көңіл бөлінеді, сол арқылы олардың қоғамдағы беделі артады. Соның арқасында жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс та көбейеді деп сенемін. «Педагог мәртебесі туралы» заң енгізілгенде, педагогтарды қолдау, марапаттау мақсатында 2021 жылы адал қызмет, табанды еңбегімен көзге түскен 20-дан астам ұстазға «ҚР еңбек сіңірген ұстазы» атағы берілді. Сол атаққа елордада алғаш болып ие болған педагогтың бірімін. Көп жылдық ұстаздық еңбегім бағаланып, осы абыройлы әрі аса жауапты, қиындығы мен қызығы мол мамандық бойынша жұмыс істеп келе жатқан еңбегім еленді. Ол марапат бізге одан да зор жауапкершілік жүктеді. Көкейімде қашанда осы атаққа лайықты болуым керек деген ой тұрады. Педагогтардың мәртебесі артып, жалақысы жыл сайын көтерілуде, әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде, өзге де беделді марапаттарға ие болуда. Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлының қолдауымен бірнеше мықты педагогқа биыл «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі берілді. Бұл – зор қуаныш, бізге көрсетілген ыстық ықылас. Сол сияқты қарапайым жұмысшыларды да, еңбек адамдарының да жұмысын бағалаған дұрыс. Себебі еңбектің бағалануы – сол маманның мәртебесін арттырып қана қоймай, жұмыс өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Елімізде сан мыңдаған салада маңдай терін төгіп жүрген түрлі жұмысшы мамандықтарының қызметін көрсету арқылы биыл сол салалардағы кадр тұрақсыздығы мәселелері шешімін табары сөзсіз.

**Гүлназия БАЙҰЛОВА,**
**Астана қаласы №9 «Зерде» мамандандырылған лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы**




МЕН МИНИСТРЛЕРДЕН НЕҒҰРЛЫМ ТИІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҒАНДА БАТЫЛ БОЛУДЫ ҮНЕМІ ТАЛАП ЕТЕМІН. ҚОҒАМ ДА ҮКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫНА ЖОҒАРЫ ТАЛАП ҚОЯДЫ.

БҰЛ – ӨТЕ ОРЫНДЫ ӘРІ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ. СОНДЫҚТАН ҮКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫ НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ОРАЙ, ӘДІЛ БАҒАЛАНАДЫ.

БАСТЫ КӨРСЕТКІШ – АЗАМАТТАРДЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫ. ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР АДАМДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ОҢ ӘСЕРІН ТИГІЗБЕСЕ, ОНЫ ӘНШЕЙІН СӨЗ ЖҮЗІНДЕГІ ЖЕТІСТІК ДЕУГЕ БОЛАДЫ.

**Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ana tili» газетіне берген сұхбатынан**

**Ерлан КАНАЛИМОВ,**
Астана қалалық мәслихатының төрағасы:



## ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДАМУ ЖОСПАРЫ БАЯНДАЛДЫ

– Мемлекеттің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық аренадағы орнын нығайту – Мемлекет басшысы айқындаған басты міндеттердің бірі. «Ana tili» газетіне берген сұхбатында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ұзақ мерзімді дамуы бойынша жоспарларын баяндады.

Президент стратегиялық міндеттердің қатарында елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді ерекше атап өтті. Сұхбат барысында Мемлекет басшысы қазақстандықтарды толғандырып отырған бірыңғай уақыт белдеуін енгізу мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, наурыз айына дейін уақыт белдеуін өзгерту азаматтардың тұрмыс-тіршілігі мен ел экономикасына ықпалы жан-жақты зерттеледі. Сонымен қатар Президент журналистпен әңгіме барысында Үкімет құрамында болуы мүмкін өзгерістер жөніндегі сұрақтарға жауап беріп, мерзімінен бұрын Парламент сайлауын өткізуге қатысты пікір білдірді. «Қазіргі уақытта мерзімінен бұрын Парламент сайлауын өткізуге негіз жоқ. Сайлау заңда көзделген мерзімде өтеді. Парламент ұзақ мерзімді жұмысқа бағытталған» деп атап өтті Мемлекет басшысы.



**Марат МҰСТАФИН,**
Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

## БІЛІМ САЛАСЫНА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

– Жыл басында ұлттық баспасөзіміздің бірі «Ana tili» газетіне Президенттің сұхбат беріп, онда өткен жылды қорытындылап, алдағы атқарылатын шаруаларды айқындауы бізге ой салды. Шын мәнінде, 2024 жыл еліміз үшін ауқымды жұмыстар іске асырылған айрықша жыл болды. Соның бірі Астанада былтыр Президенттің тапсырмасына сәйкес 24 мектеп іске қосылды. Оның 16-сы – жайлы мектеп. Мұның өзін тарихи жетістік деп атауға болады.

Жалпы қазіргі уақытта әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінуде, бұл еліміздің болашағына деген зор жауапкершілікті көрсетеді. Оған Президент арнайы тоқталып, «Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де баса назар аударылады» деп атап өтті. Бұл қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобалардың маңызын айқындап тұр. Әсіресе мұнда білім беру саласындағы реформалар да үлкен маңызға ие. Президент сұхбатта «Елімізде 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланған» деді. Бұл, шын мәнінде, білім беру инфрақұрылымының дамуы мен мектептердегі орын тапшылығын шешу мақсатында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды көрсетеді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының «Мақсатымыз – апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқытатын мектептер мәселесін, мектептегі орын тапшылығына қатысты түйткілдерді толығымен шешу» деп айтқан сөздері осы бағытта іске асырылып жатқан жобалардың қоғамға қажеттілігін айқындайды. Шындығында, бұл бастамалардың жүйелі түрде жүзеге асып, мектептердің салынуы білім сапасын арттырып, балалардың болашақта жақсы білім алуына мүмкіндік береді. Бұл бастамалар қоғамның тұрақты дамуына, халықтың өмір сапасының жақсаруына және әлеуметтік теңдіктің орнауына бағытталған маңызды қадамдар деп санаймын. Мемлекет тарапынан осындай ауқымды жобаларға қаржы бөлінуі бізді болашақта әлеуметтік инфрақұрылымның сапалы әрі тиімді дамуына жетелейді деп сенемін.

**Самат ИБРАЕВ,**
Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы:



## ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕГІН АТАП ӨТТІ

– Президент мақаласында бірқатар маңызды мәселе айтылды. Оның ішінде нашақорлық, ойынқұмарлық, «Таза Қазақстан», мемлекеттік тіл, жастардың білім алуы және басқа да тақырыптар қозғалды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы жастарға үнемі ерекше көңіл бөлуде, олардың ел өміріндегі маңызын әрдайым айтып жүреді. Оның «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргеніне тәнтімін. Әсіресе жастарға ризашылығымды білдіргім келеді» деген сөздері жастарға күш пен шабыт беретіне сенімдімін. Жастар арасында басқарма тарапынан бірқатар нашақорлықтың алдын алуға, жас отбасыларды, шығармашыл жастарды қолдауға, волонтерлікті дамытуға, студенттермен жұмысқа бағытталған іс-шаралар іске асырылуда.

**Зұлпыхар ҒАЙЫПОВ,**
Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы:



## РЕФОРМАЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАҒА БЕРДІ

– Президентіміз жыл сайын елдегі ірі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, соның ішінде елге абыройлы «Egemen Qazaqstan», биыл, міне, «Ana tili» газеттері арқылы жаңа жылда өзінің мақаласын жариялауды дәстүрге айналдырды. Міне, биыл «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген тақырыппен көлемді сұхбат беріпті. Бұл материалда ол елімізде соңғы 5 жылда атқарылып жатқан барлық үлкен реформалар мен өзгерістерге баға беріп, журналистің сұрақтарына жауап айтқан.

Сұхбаттағы мәселелер еліміздегі барлық саланы қамтиды. Әсіресе бірінші қойылған «Өткен жыл несімен есте қалды?» деген сұраққа жауабында 2024 жыл еліміз үшін саяси жағынан болсын, мәдени жағынан болсын есте қаларлық дүниелерге толы болғанын жеткізді. Сонымен қатар өткен жыл соңғы 80 жылда болмаған табиғи апат – су тасқынымен де халықтың есінде қалды. Осы ретте Мемлекет басшысы су тасқынынан ел болып, елдігіміз бен бірлігімізді танытып, қалай аман шыққанымыз туралы ой-пікірін айтады. Сондай-ақ елімізде үлкен саяси саммиттердің қалай өткеніне де тоқталып, сондағы үлкен мәселелерді көтереді. Халықаралық ірі жиындарда Қазақстан өзін табысты, беделі бар мемлекет ретінде таныта білгенін айтады.

Сонымен қатар Президент шетелге сапарлары, елдегі «Таза Қазақстан» жобасының маңызы мен мәніне тоқталып өткен. Аталған акция тек бір мезгілдік іс-шара емес, жалпы болашақ жастарды тазалық пен парасаттылыққа тәрбиелеу құралы екенін жеткізген. Бұл акцияға 4 млн-ға жуық адам қатысып, 1,5 млн тоннадан астам қоқыс шығарылған. Жалпы табиғатқа жанашырлықпен қарау – ата-бабаларымыздан қалған дәстүр. Соны ұмытып кеткен едік. Осы дәстүрге «Таза Қазақстан» арқылы Президентіміз шақырып отыр.

Бұдан бөлек ол «Қаңтар оқиғасына» да тоқталып, оның қалай пайда болғанын, халықтың арасында әртүрлі пікір қалыптаспас үшін Парламент деңгейінде екі рет отырыс өткенін айта келіп, бұдан сабақ ала білу керектігі туралы ойын айтады. Елде қордаланып қалған көптеген мәселе осы оқиға кезінде айқын көрініс тапқанын жеткізді.

Президенттік қызметке келген күннен бастап «Әділетті Қазақстан» ұстанымымен жүргені туралы ойын айта келе, «Әділетті қоғам деген – құқықтық мемлекет» дейді. Шынында, құқықтық мемлекет дегеніміз не? Бұл, лауазымына, діни наным-сеніміне, ұлты мен жынысына қарамастан, азаматтардың бәрінің заң алдында бірдей болуы.

Бұл сұхбатта ол сонымен бірге Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелер бойынша қандай заңдар қабылданғанына тоқталды. Соның ішіндегі ең маңыздысы – әйелдердің құқығы мен бала қауіпсіздігі туралы қабылданған заңды ерекше атап өтті. Сондай-ақ есірткіге қарсы күресте есірткі өндірушілерге қатысты заңды қатайту туралы пікірін айтып өткен. Жастардың түрлі теріс жолға, бағытқа түсіп кетуін, лудомания мәселесін де көтерген. Елдегі реформалар әлі де жалғаса беретінін, себебі оның мемлекет үшін маңызы зор екенін, мәселен, 2022 жылы маусым айында өткен референдум кезінде Конституция баптарының үштен бірі жаңарғанын және ол нәтижесін бере бастағанын атап өтті.

Елдегі цифрландыру мәселесі де Президент сұхбатында назардан тыс қалмаған. Себебі бұл заман талабы ғана емес, қоғам дерті – сыбайлас жемқорлықпен күрестегі маңызды құрал екенін жеткізді. Қазір Қазақстан цифрландыру бойынша әлемдегі 180 мемлекеттің ішінде 124-орында тұрғанын мақтанышпен айтты. Осы арқылы біз көптеген күрделі мәселені шешуге мүмкіндік аламыз. Әсіресе сыбайлас жемқорлықпен науқандық тұрғыда емес, жүйелі түрде күресуде бұл аса маңызды екенін айтты.

Мемлекеттік қызметтің, мемлекеттік аппараттың да рөліне тоқтала келе, «Мемлекеттік аппарат қызметінің деңгейін елде болатын төтенше жағдай кезінде байқауға болады» деді. Мемлекеттік аппарат өзінің қызметін су тасқыны кезінде жоғары деңгейде көрсете алғанын жеткізді. Дегенмен ол мемлекеттік аппараттың қоғамдағы реформаларды жүзеге асыруда әлі де болса батыл қадам жасау керектігіне назар аударды. Соның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің керек кезінде жауапкершілік танытып, керек кезінде шешім қабылдауы маңызды екенін тағы да тілге тиек етті.

**Төлеген ҚУАНЫШЕВ,**
Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, педагогика ғылымының кандидаты, профессор:



## КӨКЕЙДЕГІ КӨП СҰРАҚҚА ЖАУАП АЛДЫҚ

– Елінің болашағына алаңдайтын әрбір азаматтың көкейінде қоғамда және күнделікті тіршілікте туындайтын сұрақтардың пайда болуы және олардың шешімін іздеуі – заңды құбылыс. Осы тұрғыдан ойымды тарқататын болсам, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ana tili» газетіне берген сұхбатында көкейімдегі көптеген сұраққа тұжырымды жауап алдым.

Өткен жыл бойы мемлекетімізде жүзеге асырылған ауқымды, жүйелі жұмыстардың нәтижесін көріп жүрміз. Солардың бәрінің алдағы жылда жалғасы болғай деп тілеймін. Дамыған өркениетті елдердің тарихына жүгінер болсақ, ішкі және сыртқы саясатта ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағыттардан басқа көбіне білім, ғылым, демография және мәдениет пен өз тілінің жан-жақты дамуына басымдық беретінін байқадық. Біздің елде де билікте осы бағыттарды қолдап жатқаны – құптарлық жағдай. ҚР Парламентінің биыл қабылдаған Республикалық бюджетте жоғарыдағы әлеуметтік бағыттарда жан-жақты жұмыс атқарылуына назар аударылуда.

Білім беру саласына және әлеуметтік қажеттіліктерге айтарлықтай қаражат қарастырылуда. Соның айғағы ретінде апаттық жағдайдағы және үш ауысымдық мектептердің азаюына ел көлемінде жаңа жайлы мектептердің салынуы оң әсер ететіні сөзсіз.

Мемлекеттік тіл мәселесіне келетін болсақ, ел Президенті мұны өте абай болуды қажет ететін әрі саяси тұрғыдан маңызды сала екенін атап өтті. Бұл пікірге мен де толығымен қосыламын. Сонымен қатар білім, ғылым саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртып, оқу орындарында қазақ тілін оқытып, үйрету жолдарын жетілдіру, оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселелері өте орынды көтерілді.

Қолданыстағы «Мемлекеттік тіл туралы» заңда көрсетілген талаптардың кейбір салаларда орындалмай жатқанының куәсі болып жүрміз. Әсіресе банк, қаржы мекемелерінде, ойын-сауық, бизнес орталықтарындағы мемлекеттік тілде беріліп, айтылуы тиіс ақпараттар, жарнамалар қойылған талаптарға сай емес. Осы салаларға қазақ тілі заңға сәйкес қолданылуын қадағалайтын мемлекеттік құзырлы мекемелердің назарын аударғым келеді.

Президентіміз Үкіметке шетелде оқып, білім алып жатқан жастардың Отанымызға еңбек етуіне жағдай жасауды міндеттегені өте орынды деп есептеймін. Қазіргі таңда жастардың «Болашақ» бағдарламасымен бакалавриатқа грант алып, оқу мүмкіндігі жоқ, ондай мүмкіндік тек магистранттарға беріледі. Ал өз еркімен бакалавриатқа түсіп, оқып жатқандарға ешкім көңіл бөлмейтін сияқты. Міне, осы жастардың көбі жауапты мекемелердің хабар, байланысы болмағандықтан сол елде жұмысқа қалып жатыр. Осы бағыттағы жүйелі жұмысты жауапты министрлік қолға алғаны жөн.



# 2025 ЖЫЛЫ ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ БОЛА МА?

Жаһандық геоэкономикалық және геосаяси жағдай тұрақтанған жоқ. Әлем экономикасында шешуші рөл атқаратын АҚШ-тың ұстанымы жұмбақ болып тұр. Сайлауалды насихат кезінде Украинадағы соғысқа нүкте қоятынын мәлімдеген Дональд Трамптың Израиль мен Ресейге бүйрегі бұратынын, Қытайға қырын қарайтынын бұған дейін көргенбіз. Мұндай текетірестер әлем елдерін тығырыққа тіреуі әбден мүмкін. Әлемнің сақа экономистері 2025-2026 жылдары экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны болатынын ескертуде.

### АЛДАҒЫ ЖЫЛҒА ҚАНДАЙ БОЛЖАМ БАР?

Экономикалық саясат институтының директоры Қайырбек Арыстанбековтің сөзінше, 2025-2026 жылдары Қазақстан үш экономикалық дағдарысқа тап болуы мүмкін. Біріншісі – бюджет дағдарысы. 2025 жылы елдің кірісі мен шығысы арасында алшақтық байқалады. Бұл шамамен 4,1 триллион теңгені құрайды. Екіншісі – сауда балансының дағдарысы орын алады. Яғни импорт экспорттан айтарлықтай асып кетеді. Үшіншісі – қарыз мәселесі жағдайды қиындатады. 2025-2026 жылы жеке компаниялар 101 миллиард доллар қарызын өтеуі тиіс.

Даниялық Saxo Bank сарапшылары 2025 жылға арналған болжамын ұсынды. АҚШ-тың жаңадан сайланған президенті Дональд Трамп тауарлар импортына жаңа қорғаныс баждарын енгізіп, АҚШ-тың басқа елдермен сауда қатынасын қайта қарастырады. Нәтижесінде доллардың құны негізгі әлемдік валюталарға қатысты 20 пайызға, алтынға қатысты 30 пайызға төмендеуі мүмкін. Бұл жағдай әлемдік экономикаға әсер етпей қоймайды.

Freedom Finance Global сарапшысы Владимир Чернов келер жылы әлем елдерін қамтитын дағдарыс болатынын дәйектейді. Экономистің сөзінше, 2008 жылғы жаһандық экономикалық дағдарыс АҚШ-та тұрғын үй сату көлемінің төмендеуі аясында басталды, себебі кредит ставкасы күрт өсті. Сонын салдарынан ірі американдық банктер банкротқа ұшырап, ипотекалық кредит дағдарысына айналды. Қазір АҚШ-та сатудың күрт төмендеуі байқалмайды. Дегенмен АҚШ-та шілдеде еңбек нарығының күтпеген күрт әлсіреуі байқалды.

– 2024 жылдың шілдесінде жаңадан ашылған жұмыс орындарының саны өткен айлармен салыстырғанда шамамен 30 пайызға қысқарды, ал жұмыссыздық деңгейі 4,3 пайызды құрап, 2021 жылдың қарашасынан бергі ең жоғары деңгейге жетті (дағдарыс құбылысы). 2008 жылы Америка Құрама Штаттарында да еңбек нарығында күрделі проблемалар болды, содан кейін жұмыссыздық соңғы 16 жылдағы ең жоғары деңгейге жетті, сондықтан іскерлік белсенділік те төмендеді, – дейді сарапшы В.Чернов.

АҚШ – алпауыт ел. Әлем экономикасына айтарлықтай әсер етеді. Трамп өзінің даму бағдарламасымен билікке келді. Әлем елдеріне ықпалын арттырып, доллардың үстемдігін сақтау үшін барын салатыны анық.

### ДАҒДАРЫСҚА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Біздің Үкіметтің экономикалық дағдарыс тәуекеліне дайындығы қалай? Бұл сұрақты Үкіметке жолдадық. Бізге Ұлттық экономика министрлігінен жауап келді.

– Үкімет тұрақты негізде сыртқы және ішкі нарықтағы ахуалға мониторинг және талдау жүргізеді. Республикалық бюджеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының макроэкономикалық болжамының параметрлерін қалыптастыру кезінде дамудың базалық, оптимистік және пессимистік баламалы сценарийі әзірленеді. Бұл ретте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі тәуекелдер ескеріледі. Жалпы Үкімет дағдарыс құбылысының теріс салдарын азайту және экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті ресурс пен құралға ие. Сондай-ақ ешқандай дағдарыс болмайды, – дейді Ұлттық экономика министрінің орынбасары Арман Қасенов.

Әрине, біздің басшылар сөзге келгенде іркіліп қалмайды. Бәрі бақылауда, бәрін біледі. Жақсы, солай-ақ болсын! Дегенмен шикізат экспорттаушы елден өнім өндіруші елге айналмай, еңсемізді тіктеу қиын. Жауапты басшыдан осы туралы да сұрадық.

– Ел өз экономикасын әртараптандыруға және шикізат ресурстарына тәуелділікті азайту бағытында жұмыс жүргізуде. Бұл процесс жан-жақты экономикасы бар елдің қалыптасуына ықпал ететін өндіріс және қызмет көрсету сияқты басқа саланы дамытуды қамтиды. 5 жыл ішінде өнеркәсіп құрылымында сапалы өзгерістер болды. ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2017 жылы 11,2 пайыздан 2022 жылы 13,4 пайызға дейін өсіп, 30 миллиард долларды құрады, ал тау-кен саласының үлесі біртіндеп төмендеді. 2023 жылы өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі оң серпінді көрсетіп, 21,6 трлн теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1,7 трлн теңгені құрады. Бұл өткен жылға қарағанда 11,2 пайызға өскенін көрсетеді. 2023 жылдың 12 айында өңдеу өнеркәсібі тауарларының экспорты 25,3 миллиард долларды құрады, – деп түсіндірді Арман Қасенов.

Өнімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған өндірістерді құру мақсатында мемлекеттік органдар шағын және орта бизнесті ілгерілетуі міндет, сондай-ақ отандық қайта өңдеушілерді қолжетімді бағамен шикізатпен қамтамасыз ету, шикізаттық емес секторға инвестициялар тарту, инфрақұрылымды жаңғырту және тағы басқа шаралар кешенін жүргізуі керек.

– Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес – елдің экономикалық өсуінің негізгі драйвері. ЖІӨ-дегі бизнестің үлесі 38,2 пайызды құрады. Орта бизнес субъектілерінің санын ұлғайту және кәсіпкерлікті дамыту үшін кешенді жұмыс жүргізілуде. Біріншісі – бизнес ахуалды жақсарту, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету. Екіншісі – мемлекеттік қолдау құрылымын қайта қарап, тиімді жағдай қалыптастыру. Яғни бизнес үшін жаңа реттеу саясаты енгізіледі.

2023 жылдан бастап кәсіпкерлік үшін міндетті талаптар тізілімі жұмыс істейді. Онда кәсіпкерлік субъектілері үшін міндетті талаптарды қамтитын реттеуші актілердің жалпыға қолжетімді дерекқоры қалыптасқан. Бұл – реттеуші актілерді тұрақты негізде қайта қарауды қамтамасыз ететін міндетті тетік. Тізілімнен шығарылған және мерзімінде жойылмаған талаптарды бұзғаны үшін кәсіпкерлерді әкімшілік жауапкершіліктен босату – тізілімнің ерекшелігі. Бизнес үшін 10 мыңнан астам артық талап жойылды. 2024 жылы бақылаудың 66 саласында тәуекелді басқарудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылды. Бұл жұмыс жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жататын бақылау субъектілерін ақпараттық жүйеде автоматты режимде тексеруге іріктеуден тұрады. Адал бизнес субъектісі тексеруге іріктеуден өтпейді, – деді Ұлттық экономика министрінің орынбасары.

**ӨНІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЭКСПОРТҚА БАҒДАРЛАНҒАН ӨНДІРІСТЕРДІ ҚҰРУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ІЛГЕРІЛЕТУІ МІНДЕТ, СОНДАЙ-АҚ ОТАНДЫҚ ҚАЙТА ӨҢДЕУШІЛЕРДІ ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАМЕН ШИКІЗАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚА ШАРАЛАР КЕШЕНІН ЖҮРГІЗУІ КЕРЕК**

### ИНФЛЯЦИЯМЕН КҮРЕС – ҮЛКЕН СЫНАҚ

Рас, инфляцияға қарсы күрес жаһандық деңгейдегі сынақ болып тұр. Өйткені инфляция әлем елдерінің респондентті арасында ең негізгі 5 тәуекелдің қатарына кіреді. Жақында Сауд Арабиясына жол түсіп, сондағы нарықты бағдарлауға мүмкіндік болды. Бұл елдің инфляциясы 1,90 пайыз деңгейінде. Риал теңгемен салыстырғанда 10 есе құнды. Араб елінде қымбатшылық сезілмейді, біздің теңгемен салыстырғанда қолжетімді бағаға қажетті тауар түрін оңай табуға болады.

Инфляцияны тежеп отырған елдердің көшін Қытай, Бахрейн және Литва бастайды. Бұл елдерде инфляция 0,30 пайызды құрайды. Финляндияда – 1,00 пайыз, Францияда – 1,20 пайыз, Оңтүстік Кореяда – 1,30 пайыз, Сингапурда 1,40 пайыз болса, Қазақстандағы көрсеткіш – 8,5 пайыз.

Жасыратыны жоқ, біздің елде жалақы мен зейнетақы көтерілген сайын базардағы баға шарықтайды. Кей жағдайда жалақыға қосылған үстемақыдан нарықтағы бағам екі-үш есе көтеріліп кетеді.

– Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру – Үкіметтің маңызды міндеті. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыруда. Шаралар кешені ішкі нарықты отандық тауарлармен қанықтыру мақсатында отандық өндірісті қолдауға және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасын қоса алғанда, нарықтағы бағаны тұрақтандыруға, тауарларды сақтауға, тасымалдау тетіктерін және сауданың қазіргі заманғы форматын дамытуға, сондай-ақ баға белгілеуді бақылауға, монополияға қарсы сыртқы сауданы реттеуге бағытталған.

Жалпы шаралар кешенін іске асыру инфляцияны нысаналы дәліз шекарасына дейін төмендетуді (2024 жылы 6-8 пайыз) және тауарлар тапшылығына жол бермеуді қамтамасыз етуі тиіс. Азық-түлік инфляциясын төмендетудің жаңа тәсілдері іске асырылуда.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бойынша айналым схемасын қаржыландыру 100 миллиард теңгеге дейін жетті. Делдалдық баға белгілеу схемасын тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы жанданды. Тұрақтандыру қорларының жұмысы қайта форматталды, сатып алу бойынша форвардтық шарттар жасала бастады. Жеңіл, химия өнеркәсібінде және құрылыс материалдарын өндіруде импортты алмастыратын жобалар іске асырылуда. Өнімді сақтау және тасымалдау механизмі дамуда. Монополияға қарсы реттеу шаралары қабылдануда. Осындай бастамалардың нәтижесінде жылдық инфляция 20,3 пайыздан (2022 жылғы желтоқсан) 8,5 пайызға дейін (2024 жылғы қазан) бәсеңдеді. Бір жыл ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 0,2 пайызға (жыл басынан бері 0,3 пайызға) төмендеді. Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру жалғаса береді, – деді вице-министр А.Қасенов.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

**P.S:**

***Сарапшылар алдағы жылдары дәстүрлі Батыс альянстарының әлсіреу қаупі артып, көптеген елдер саяси және экономикалық дамудың батыстық үлгісінен гөрі балама дамудың қытайлық үлгісін таңдай бастайтынын айтуда. Экономиканы әртараптандырып, бизнесті қолдауда көрші елдің тәжірибесін пайдалануға мүмкіндігіміз мол. Сонда экономикалық дағдарысты оңай еңсеріп отыратын едік.***

№2 (4746) 09/01/2025 Бейсенбі

# 2025 ЖЫЛДЫҢ ЖАУҺАР КҮНДЕРІ












1. «Қазақ ССР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның қабылданғанына 35 жыл (25 қазан 1990 жыл);

2. Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (30 тамыз 1995 жыл);

3. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің құрылғанына 30 жыл (желтоқсан, 1995 жыл);

4. Керей мен Жәнібек хан туын көтерген Қазақ хандығына 560 жыл (1465 жыл);

5. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы (9 мамыр 1945ж.);

6. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл (01.03.1995ж.);

7. Біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі Аңырақай шайқасына 290 жыл (1730 жыл, кей деректерде 1729 жыл);

8. Ұлы ғұлама, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1155 жыл (870 жыл);

9. Ұлт ұстазы ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл (1845 жыл);

10. Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа Жеңіс туын тіккеніне 80 жыл. Жеңіс Туы 30 сәуір 1945 жылы тігілген.

11. «Қазақстан әйелдері» журналының алғашқы санының жарық көргеніне 100 жыл. Журнал Алаш арыстары М. Дулатов пен С.Сейфуллиннің бастамаларымен ашылған. Тұңғыш редакторы – Нағима Артықова.

12. Балалардың «Ақ желкен» (бұрынғы «Пионер») журналына 100 жыл (1978-2000 жылдары поэзия дарабозы Фариза Оңғарсынова бас редакторы болған);

13. «Астана ақшамы» газетінің шыға бастағанына 35 жыл (13.10.1990 жыл). Басылым алғашқыда «Ақмола ақиқаты», «Ақмола ақшамы», «Астана», «Астана хабары» атауларымен жарық көрді. 1998 жылдың 10 сәуірінен «Астана ақшамы» болып шыға бастады.

14. Республикалық «Ана тілі» газетінің шыға бастағанына 35 жыл (22 наурыз 1990 жыл);

15. Республикалық «Хабар» телеарнасының ашылғанына 30 жыл (23 қазан, 1995 жыл);

16. Республикалық «Ел арна» (алғашқыда «Хабар-2») телеарнасының алғашқы хабарына 25 жыл толады (22.03.2000 жылы);

17. Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасының құрылғанына 35 жыл (1990 жыл);

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінің құрылғанына 35 жыл (ақпан, 1990 жыл);

19. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеніне 10 жыл (30 қараша 2015 жыл);

20. Халықаралық Түркі академиясының құрығанына 15 жыл (25.05.2010 жыл);

21. Қазақ Ұлттық циркінің ашылғанына 55 жыл (1970 жыл);

22. Қазақ мемлекеттік қуыршақ театрының құрылғанына 90 жыл (1935 ж.);

